

**"Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің тәжірибесіне сәйкес Ұлттық байланыс орталығы функцияларын іске асыру үшін жауапты органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қарашадағы № 1453 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 306 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің тәжірибесіне сәйкес Ұлттық байланыс орталығы функцияларын іске асыру үшін жауапты органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қарашадағы № 1453 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы тәжірибесіне сәйкес Ұлттық байланыс орталығы функцияларын іске асыру үшін жауапты болып айқындалсын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*